

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 16 маусымдағы № 171 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32855 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы

Е. Оспан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10280 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 117-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 117-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және оларды отбасына тәрбиелеуге беру мақсатында жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін белгілейді.";

5-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5-1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымның басшысы, әлеуметтік педагогі (әлеуметтік қызметкері) (бұдан әрі – әлеуметтік педагог) баланы ұйымға орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде танысу үшін еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндерін ескере отырып балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдармен танысу және қарым-қатынас жасау үшін "Бару кестесін" қалыптастырады.

Басшы, әлеуметтік педагог "Бару кестесін" түзеткен жағдайда, баланың сауалнамасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде "Бару кестесін" бекітетін органға келісуге жіберіледі.";

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Бала туралы мәліметтер өзгерген кезде немесе жаңартылған кезде оның сауалнамасында республикалық деректер банкінде қамтылған, орналасқан жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, Республикалық маңызы бар қаланың, астананың органы бала мәліметтер келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде баланың сауалнамасына мынадай өзгерістер енгізеді:

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың ата-аналарының қамқорлығынсыз балалардың ата-аналардың (жалғыз ата-анасының) қамқорлығынсыз қалудың (болмауының) жайдайы өзгеруі туралы;

балалардың денсаулық жағдайы, балалардың дамуының психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері туралы;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған бір ұйымнан басқа ұйымға ауыстыру туралы;

кәсіптік оқу орнына оқуға түсу туралы.";

Қағидаларға 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымша осы тізбеге 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Бала қонақтайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 402 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14053 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 137-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бала қонақтайтын отбасы туралы ережеде:

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бала қонақтайтын отбасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар) (бұдан әрі – ұйым), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы.

2) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін бала қонақтайтын отбасында болу мерзімін тараптардың келісімі бойынша мемлекеттің қамқоршылық және қорғаншылық функцияларын жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері (бұдан әрі – орган) айқындайды, бірақ бір айдан аспайды.

Мектеп жасындағы балалар үшін қонақтар отбасында болу мерзімдерін тараптардың келісімі бойынша, білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (демалыс, демалыс және мереке күндері) орган айқындайды";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Баланы қонақтайтан отбасына қабылдауға тілек білдірген адамның тұрғылықты жері бойынша органға мыналарды:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдіргені туралы өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

3) егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) нотариалды расталған келісімін;

4) баланы қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адамның және немесе егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) соңғы 12 ай үшін табысы туралы мәліметтерді;

5) баланы қонақтайтын отбасына қабылдауға тілек білдірген адамның және егер некеде тұрса, жұбайының (зайыбының) "Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 692 бұйрық) бекітілген тізбеге сәйкес ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтама, сондай-ақ "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрық) бекітілген нысанға сәйкес наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтама;

6) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

7) неке қию туралы куәлік (егер некеде тұрса);

8) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың даярлықтан өткені туралы сертификат (жақын туыстарын қоспағанда) береді.

Тізбенің 2) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды орган "Цифрлық құжаттар сервисінде электрондық құжаттарды көрсету және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 352/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21329 болып тіркелген) сәйкес цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Баланы қонақтайтын отбасына және жұбайына (зайыбына) алуға ниет білдірген адамның (егер некеде тұрса) соттылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді орган Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.";

Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымша осы тізбеге 13, 14, 15 және 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының

қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 407 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14067 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 89-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 89-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) есепке алу тәртібін айқындайды.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушының егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) жеке басын куәландыратын, көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде балалардың туу туралы куәлігін, неке қию туралы куәлікті, "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызмет беруші қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын,

ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) соттылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді (егер некеде тұрса) орган Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.";

Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымша осы тізбеге 17, 18, 19 және 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4. "Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20478 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін "Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының он екі, жиырма төртінші абзацын және 9-тармағының он төртінші абзацын, "Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының сегізінші абзацын және 9-тармағының он төртінші абзацын, "Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының тоғызыншы, он сегізінші абзацын және 9-тармағының он төртінші абзацын қоспағанда, қолданысқа енгізіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. "Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған нысан бойынша өтініш береді (бұдан әрі-ЭЦҚ) көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірін тіркеу және порталдың есептік жазбасына қосу кезінде көрсетілетін қызметті алушының немесе бір реттік парольмен куәландырылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, тәсілдерін, мерзімін, нысанын, нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) келтірілген.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі анықтама осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

7-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7-1. Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу автоматтандырылған.

Қазақстан Республикасының Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы көрсетілетін қызметті берушілерге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторларына хабарлайды, оның ішінде бірыңғай байланыс орталығы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға өзгерістер мен толықтырулар бекітілген немесе енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.";

Қағидаға 2-қосымша осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
1-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы акт

20 __ жылғы " __ " _____

_____ қаласы, ауданы

Мен, _____
(лауазымы, атағы, тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда),

_____ сағ _____ мин _____

(Ішкі істер орган бөлінісінің атауы)

азамат(-ша), ішкі істер органының қызметкері _____

_____ (тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда), жұмыс орны, лауазымы, мекен-жайы, телефоны)

_____ (баланы тапқан орны, уақыты және мән-жайлары)

табылған баланы жеткізгені туралы осы актіні жасадым.

Баланың белгілері _____

(жынысы, жас шамасы, сөйлей ала ма, ұлты, ерекше белгілері)

Баланың үстіндегі киімдері _____

Мыналарды анықтау мүмкін болды _____

(баланың, оның ата-анасының, оларды алмастырытын адамдардың)

тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда), баланың жасы, ата-анасының тұрғылықты жері, жұмыс орны, лауазымы,

іс үшін маңызды басқа да деректер)

(сырт қарағанда баланың дені сау, ауру, дене жарақаттары бар)

Қолы _____

(ақт жасаған адамның лауазымы, атағы, тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

баланы жеткізген адамның тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бала 20 ___ жылғы " ___ " _____ сағ. _____ минутта, _____ тапсырылды.

Қолы _____

(ата-анасына, оларды алмастыратын адамдарға)

Бала _____ жіберіледі

(денсаулық сақтау ұйымының атауы, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз

қалған балаларға арналған ұйымдар)

Баланы қабылдадым _____

(лауазымы, тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тапсырдым _____

(лауазымы, тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда))

20 ___ жылғы " ___ " _____ сағат _____ минут _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
2-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

бас дәрігері
(медициналық және басқа да
ұйымның атауы)

(мекеме басшысының тегі,
аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда),
туған күні, балаға
қатысы (шешесі, әкесі))

Ата-аналық құқықтардан бас тарту және бала асырап алуға келісім беру туралы ӨТІНІШ

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Отбасылық жағдайы _____

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____

Тіркелуі _____

20__ жылғы " __ " _____ перзентханасын
(басқа денсаулық сақтау ұйымында)

_____ (елді мекеннің атауы) туылған баламнан

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) бас тартамын (баладан бас тарту себебін көрсету)

оны мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беруді сұраймын және төмендегіні мәлімдеймін:

менің баламды Қазақстан Республикасының азаматтары немесе шетелдік азаматтар асырап алатынын түсінемін;

аталған баланы асырап алуға қандай да бір күш қолданусыз және ешкімнің мәжбүрлеп көндіруінсіз ерікті түрде келісім беремін;

осы баланы асырап алғаннан кейін бала мен қабылдаушы ата-аналар арасында бала-ата-ана ретінде үнемі қарым-қатынас орнайтынын түсінемін;

бала асырап алу мақсатында бала және оның немесе оның анасы және әкесі арасында бұрынғы қарым-қатынастарды тоқтататын келісім беремін;

Осы өтініш арқылы жоғарыда аталған мақұлдауларды толық түсінетінімді мәлімдеймін.

Бала асырап алушылардың таңдауын қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға сенемін, асырап алушыларға және асырап

алушыларды таңдау бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға наразылық білдірмеймін. Баланы асырап алуға берудің құқықтық салдары түсіндірілді.

тері-венерологиялық есепте тұрмын (тұрған жоқпын, белгісіз);

психоневрологиялық есепте тұрмын (тұрған жоқпын, белгісіз);

наркологиялық диспансерде есепте тұрмын (тұрған жоқпын, белгісіз) есепте (қажет еместі сызып тастау)

Баланың басқа ата-анасы туралы деректер (өтініш берушінің келісімімен беріледі):

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұратын жері)

Осы өтінішті өз еркіммен жаздым.

Өтінішті жазу күні _____

Толық тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), _____

Қолы _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың деректері мәліметі _____

(№, кім және қашан берілді)

Өтінішті толтыру күні _____

Куәгердің өтініші (заңмен немесе жағдайға байланысты талап етілсе, мысалы, сауатсыздық немесе адамның мүгедектігі болған жағдайда)

Келісімді куәландыру үшін тағайындалған уәкілетті адамның куәлігі тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда): _____

Лауазымы: _____

Жоғарыда аталған немесе белгіленген адам (және куәгер (лер) осы күні келіп, аталған

құжатқа менің қатысуымен қол қойғанын растаймын.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) мөрдiң орны

Заңгер (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Психолог (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Емдеуші дәрігер: (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Ескерту: анасы баласынан перзентханада бас тарпаған жағдайда еркін нысанда нотариуспен куәландырылған өтініш қажет.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
3-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды

ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
4-қосымша
нысан

(денсаулық сақтау
ұйымының атауы)

Баланы денсаулық сақтау ұйымында тастап кету туралы акт

20__ жылғы "___" _____

"___" _____ жылы туған, _____

_____ мекенжайында

тұратын, _____ мекенжайында тіркелген

(мекенжайы, басқа да мәліметтер кімнің сөзінен жазылған, төлқұжатының

сериясы _____, _____ берілгенін көрсету) азаматша

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), некеде немесе некеде жоқ)

ұл (қыз) баланы туып 20__ жылғы "___" _____ баланы асырап алуға келісімді немесе баланы мекемеге толық мемлекеттік қамтамасыз етілуіне уақытша орналастыру туралы өтінішті ресімдеген жоқ (баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қандай құжаттың негізінде жазылғанын, әкесі және басқа туыстары туралы мәлімет бар жоқтығын көрсету).

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және басқа мәліметтер)

Емдеуші дәрігер:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), күні, қолы)

Заңгер:

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), күні, қолы)

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) күні, қолы)

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
4-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз

қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
5-қосымша
нысан
Бұрыштама мөртабан

(ішкі істер органының атауы)

Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және құжаттандыру туралы ҚОЛДАУХАТ

(баланың тәрбиеленіп жатқан ұйымның атауы)

Сізден Қазақстан Республикасының азаматшасы

(азаматшаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)), бар мәліметті көрсету)

тіркеу және құжаттандыру туралы мәліметті беруді сұрайды.

Мәлімет баланың мәртебесін анықтау және оны одан әрі орналастыру үшін қажет.

Қосымша мәліметтер жоқ.

Ұйым басшысы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
5-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
6-қосымша
нысан
Бұрыштама мөртабан

(ішкі істер органының атауы)

Тұрғылықты мекенжайын анықтау туралы ҚОЛДАУХАТ

(сұраныс жасаған органның атауы)

Қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган
Қазақстан Республикасында тұратын азаматшаның

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), өз балаларын қалдырып немесе тастап

кеткен әйел туралы басқа да бар мәліметтерді көрсету) мекенжайы туралы мәліметтерді

белгілеу үшін жеке құрамына бағдарлауларыңызды сұрайды.

Анасының немесе туыс-туғандарының тұратын жері анықталған жағдайда олардың балаға қатысты мүддесін (баланы алып кету келісімі немесе одан бас тарту туралы жазбаша нотариус куәландырған өтінішін алу) білулеріңізді сұраймыз.

Аталған мәліметтер баланың мәртебесін растау және оны одан әрі орналастыру үшін қажет.

Басшы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
6-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
7-қосымша
нысан

Адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы актіде көрсетілген мекенжайға бару актісі

Бару күні _____

Барған орынның мекенжайы _____

Тексеру жүргізген қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы (білім беру органының, бала тәрбиеленетін ұйымның маманы, әлеуметтік педагог)

Аталған мекенжайда тұратынын азаматтар туралы мәліметтер, баланың анасы туралы қандай мәліметтер бар _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), басқа мәліметтер, олар аталған мекенжайда қай уақыттан бастап тұрады)

Ескерту: Акт үш адамның қолымен (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымын көрсету), білім беру органының дөңгелек елтаңбалы мөрімен куәландыру.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің

міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
7-қосымша

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларына
8-қосымша
нысан
Бұрыштама мөртабан

Баланың туыс-туғандарының бар-жоғы туралы анықтама

(Тәрбиеленушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні, тәрбиеленіп жатқан ұйымның атауы)

Туыстары _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұратын жері, мекен-жайы)

Аталған мәліметтер (тәрбиеленушінің жеке ісінен, көршілерінің, ішкі істер органдарының мәліметтері бойынша, басқа тұлғалардың сөзінен)

_____ алынды.

Анықтама құзыретті органға ұсыну үшін берілді.

Басшы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
8-қосымша
Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларына
9-қосымша
нысан

Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйым басшысының асырап алуға келісімі

Бұрыштама мөртабан

Құзыретті органдарға

(бала күтіп-бағылатын білім беру, медициналық және басқа да ұйымның атауы)

(баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ азаматтарға (азаматтығы (өз еркімен көрсетіледі),
тұрғылықты мекен-жайы) асырап алуға келісімін береді.

Бала _____ бастап дейін _____ болды.

(ұйымның атауы)

Болу кезінде балаға ата-анасы, туыс-туғандары келген жоқ.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мекен-жайын, қорғаншылық және
қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыратын органның бала таңдап
алуға

берген жолдаманың № және күнін көрсету) Қазақстан Республикасының
азаматтарына

ұсынылды.

Ұйымның басшысы

тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда)

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
9-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
10-қосымша
нысан

**Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан
Республикасының азаматтарынан асырап алуға ұсынылған балалардан бас тартуларын
растайтын қолхат**

_____ басшысына

(бала тәрбиеленетін ұйымның атауы) азаматтардан, тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда), тұратын мекенжайы, телефоны

Біз бала асырап алуға үміткер ретінде білім беру органдарында тіркелдік
(кезектің № және күні) _____

Бізге төмендегі балалар ұсынылды:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Осымен _____

(бас тарту себептерін көрсету: денсаулығына байланысты, бізге ұқсамайды, ауыр науқасты, аға-інілері немесе апа-сіңлілері бар байланысты аталған балаларды асырап алудан бас тартатымызды растаймыз)

Күні, асырап алушының

(асырап алушылардың) қолы

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
10-қосымша
Жетім балаларды және ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
11-қосымша
нысан

Бұрыштама мөртабан

Баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігердің қорытындысы

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Баланың туған күні	
Жынысы	
Туған жері	
Ұлты (өз еркімен көрсетіледі)	
Анасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Анасының туған күні мен жылы	
Әкесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Әкесінің туған күні мен жылы	
Балалар мекемесінің атауы	

- туылғандағы салмағы - аталған мекемеге түскендегі салмағы	
- туылғандағы бойы - аталған мекемеге түскендегі бойы	
Жүктіліктің өту жағдайы:	
Бала өмірінің анамнезі	
Болған аурулары туралы мәлімет	
Балада болған жұқпалы аурулары туралы мәлімет	
Баланы вакцинациялау туралы мәлімет	Вакцинациялау күні, вакцина түрі, сериясы, жарамдылық мерзімі, вакцинациялаудан кейінгі реакциясы
Туберкулез	
Сіреспе	
Көкжөтел	
Полиомиелит	
А гепатиті	
В гепатиті	
Дифтерия	
Қызылша	
Қызамық	
Эпидемиялық паротит	
Туберкулез індетінің бар-жоғына жасалған сынама қорытындысы	
Вакцинациялаудың басқа түрлері	
Баланың медициналық тексерісі	
Салмағы кг күні Бойы см күні Бас шеңбері: см күні	
Шашының түсі Көзінің түсі Терісінің түсі	
Баланың объективті мәртебесін сипаттау:	
Баланың психикалық қозғаушы дамуын, мінез-құлқын және әдетін сипаттау	
Сүйек-бұлшық ет жүйесі	
Перифериялық лимфалық түйіндер жүйесі	
Ауыз қуысы	
Жүрек-тамыр жүйесі	
Тыныс органдары	
Көкірек қуысының органдары	
Сыртқы жыныс мүшелері	
Физиологиялық қызмет атқаруы	
Клиникалық-лабораториялық зерттеулердің қорытындылары:	
Қанның жалпы талдауы	
Несептің жалпы талдауы	

Билирубинге, АлТ, АсТ және тимологиялық сына-маға алынған қанның биохимиялық талдауының қорытындысы, тексеріс өткізу күні	
Гепатит маркеріне алынған талдау қорытындылары	
Иммун тапшылығы вирусына жасалған талдау қорытындылары	
Несептің жалпы талдауы	
Гельминттерге тексеру Ішек құртының жұмыртқаларын зерттеуге алынатын үлкен дәрет Тоқ ішектің аузын зерттеуге алынатын талдау	
Мамандардың қорытындысы:	
Клиникалық диагноз	
Денсаулық жағдайы туралы қорытынды:	
Денсаулық тобы:	
Баланың нығайып өсуін бағалау:	
Жүйке-психикалық дамуын бағалау:	

Әр бетте тексеру жүргізген дәрігердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және жеке мөрі көрсетіледі.

Толтыру күні

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
11-қосымша
Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларына
12-қосымша
нысан

Бұрыштама мөртабан

0-ден 5 жасқа дейінгі баланың дамуындағы психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер туралы есеп

Жасы 0-ден 2 айға дейінгі балалар	
Ойыншықтармен әрекеттесуі:	
Бала көз алдында қозғалатын сылдырмақты/ ойыншықты байқайды	
Ересектермен байланыс:	
Тәрбиешімен байланыс кезінде бала күлімдейді	
Жасы 2-ден 6 айға дейінгі балалар	
Ойыншықтармен әрекет жасауы:	

Бала сылдырмақты ұстайды	
Бала сылдырмақпен ойнайды: оны аузына салады, сылдырлатады, бір қолынан екінші қолына ауыстырады	
Тілінің дамуы:	
Тәрбиешімен байланыс кезінде бала бір дыбыстарды айтады	
Моторикасының дамуы:	
Бала арқасынан етбетінен аунайды	
Ересектермен байланыс:	
Тәрбиешімен байланыс кезінде бала күлімдейді	
Жасы 6-дан 9 айға дейінгі балалар	
Ойыншықтармен әрекет жасауы:	
Бала кубиктерді қалайды	
Тілінің дамуы:	
Бала дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлі тіркестерін қайталайды (ба-ба, да-да, ма-ма)	
Моторикасының дамуы:	
Бала сүйеусіз отырады:	
Бала алдыға қарай еңбектейді (жылжиды):	
Ересектермен байланыс:	
Бала таныс тәрбиешіні көтергенде тез тынышталады	
Жасы 9 айдан 1 жасқа дейінгі балалар	
Ойыншықтармен әрекет жасауы:	
Бала ойыншықпен саналы түрде ойнайды: машинаны итереді, қуыршақты керуетке салады, құыршақты тамақтандырады және т.б.	
Тілінің дамуы:	
Бала дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлі тіркестерін қайталайды (ба-ба, да-да, ма-ма), сонымен қатар бірнеше бөлек сөздерді айта алады	
Моторикасының дамуы:	
Бала сүйеінбей, өздігінен жүреді:	
Ересектермен байланыс:	
Бала таныс тәрбиешіні көтергенде тез тынышталады	
1-ден 3 жасқа дейінгі балалар	
Ойыншықтармен әрекет жасауы:	
Бала басқа балалармен рөлдік ойындар ойнайды	
Бала бет-аузын қисайтады, адамдарды немесе жануарларды бейнелейді	
Топтық ойындарда бала басқа балалармен бірігеді (доппен ойын, карта ойыны)	
Тілінің дамуы:	
Бала сөйлемдер ауқылы сөйлейді	

Моторикасының дамуы:	
Бала өздігінен жүреді:	
Бала басқалардың көмегімен баспалдақтан түсіп, шығады	
Ересектермен байланыс:	
Бала таныс тәрбиеші бөлмеден шыққанда жылайды (артынан) ереді	
Бала көңілсіз болғанда немесе жараланғанда таныс тәрбиешісін іздейді	
Палатаға кіретін барлық ересектермен байланысқысы келеді	
Басқа балалармен байланыс:	
Бала басқа балаларға қарайды немесе күлімдейді	
Іс-әрекеттерінің жалпы деңгейі:	
Белсенді емес	
Белсенді	
Шамадан тыс белсенді	
Жалпы көңіл-күйі	
Салмақты, байсалды	
Эмоционалды, көңілсіз	
Тынышсыз, жұбату қиын	
Бақытты, разы	
3-тен 5 жасқа дейінгі балалар	
Тілінің дамуы:	
Бала өткен шақта сөйлейді	
Бала өз атын жазады	
Бала жай сөздерді оқиды	
Даму моторикасы:	
Қай жастан бастап бала баспалдақтан өздігінен түсіп, шығады	
Қай жастан бастап бала көмексіз велосипед тебеді	
Ересектермен байланыс:	
Бала таныс тәрбиеші бөлмеден шыққанда жылайды, (артынан) ереді	
Бала көңілсіз болғанда немесе жараланғанда таныс тәрбиешісін іздейді	
Палатаға кіретін барлық ересектермен байланысқысы келеді	
Бала тәрбиешіге өз эмоциясын сөздермен жеткізеді	
Басқа балалармен байланыс:	
Бала балалармен ойнауға белсенді қатысады	
Балаға басқа балалармен ойнағанды ұнатады	
Іс-әрекеттерінің жалпы деңгейі:	

Белсенді емес	
Шамадан тыс белсенді	
Жалпы көңіл-күйі	
Салмақты, байсалды	
Эмоционалды, көңілсіз	
Тынышсыз, жұбату қиын	
Бақытты, разы	

Әр бетте есепті толтырған маманның қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және мөрі.
Толтыру күні

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
12-қосымша
Жетім балаларды, ата-анасының
қамқорлығынсыз қалған және
асырап алуға жататын
балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
13-қосымша
нысан

Бұрыштама мөртабан

6 жас және одан да асқан баланың дамуындағы психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер туралы есеп

Ақыл-ой және дене дамуын сипаттау	
Дене:	
Моторика	
Қимылды үйлестіру	
Түйсік органдары	
Мимика	
Ымдау	
Ауызша тіл	
Эмоционалды:	
Сезім білдіру	
Үйірлік дамуы	
Ақыл-ой:	
түсіну + жаңа білімді пайдалану	
мектептік даму	
әлеуметтік, топтарда – ересектермен – балалармен (сенім)	

бейтаныс адамдарға сенім	
баланың ерекшеліктері	
ерекшеліктер	
дамымаған жақтары	
жастық дамуы (өз жасына сәйкес келеді ме)	
Басқа балалармен байланыс:	
Басқа балаларға қызығушылық танытады	
Балалармен ойнағанды ұнатады	
Балалардың ойынына белсенді қатысады	
Жұмысының жалпы деңгейі:	
Белсенді емес	
Белсенді	
Шамадан тыс белсенді	
Жалпы көңіл-күйі	
Салмақты, байсалды	
Эмоционалды, көңілсіз	
Тынышсыз, жұбату қиын	
Бақытты, разы	

Әр бетте есепті толтырған маманның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және мөрі.

Толтыру күні

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 16 маусымдағы
№ 171 бұйрығына
13-қосымша
Бала қонақтайтын
отбасы туралы ережеге
№ 1 қосымша
нысан

Баланы қонақтайтын отбасына беру туралы ШАРТ

№ _____

